

жанашыр екенін қорытуға болады. Құр сөз бен сөйлемдердің қоспасынан құралған қалың кітапқа қарағанда мән мағынасы бар, ғибратты еңбектерді жоғары бағалаған. Демек өзі де сол деңгейге лайық болатында шығармаларды дүниеге әкелді.

Бөкетовтың әдебиет саласында қалам тербеп, сыр шерткені бір төбе. Аудармашылық ісі болса бөлек әңгіменің арқауы болатын тағы бір төбе. Айта кететін жайт, аударма жасаған шығармалары кілең әлемдік немесе орыстың классик ақын-жазушыларының роман, хикаят, поэмалары. Бұл ретте ғалымның шығармашылық ауқымы мен нәзік талғамы кісі таңғаларлық. Болгар классигі И.Вазовтың «Бұғауда» романы, француз классигі Э.Золяның әңгімелері, В.Шекспирдің әйгілі «Макбет», «Юлий Цезарь» пьесалары, В.Маяковскийдің «Қандала» драмасы мен «Керемет!» поэмасы, С.Есениннің «Анна Снегина» поэмасы, «Качаловтың иті» және тағы басқа өлеңдерін аударған. Тек қана аттарын атап шыққан шығармалардан көрініп тұрғандай, ол өз халқының оқырмандарын қандай ғажайып көркемдік әлемнің кәусарынан сусындатуға ұмтылған. Бұл ұмытылыс ХІХ-ХХ ғасырдағы Абай мен шоқан, Шәкәрім мен Ахмет, Мағжан мен Міржақып, Мұхтар мен Жүсіпбек, Сәкен мен Илияс сынды ұлт зиялылары мен ағартушылары бастаған керемет дәстүрдің жалғасы іспетті. [3; 48 б].

Олардың аударма еңбектері Бөкетовтың аудармашылық шығармашылығының диапазонын кеңейтіп, жаңа бағытқа түсуіне сеп болды десек артық айтпаған болармыз. 1974 жылы КСРО жазушылар одағының мүшелігіне кірді.

Ұлы академик Бөкетов Евней Арыстанұлы - қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, озат ой иесі, кеменгер ойшыл болды. Тарихта химик ғалым, жазушы, аудармашы, ұлағатты ұстаз ретінде есімі алтын әріппен қалды. Евней Арыстанұлы Бөкетов - қазақ ғылымы мен рухани өмірінде өшпес із қалдырған аса ірі қайраткер. Ол металлургия мен химия саласында жаңа технологиялық бағыттардың негізін қалап, өндірістік үдерістерді жаңғыртуға мүмкіндік берген тың жаңалықтарымен ел ғылымын жаңа белеске шығарды. Ғалым қалыптастырған ғылыми мектеп, тәрбиелеген шәкірттері, жүзеге асқан өнеркәсіптік жобалары - оның еңбегінің өміршеңдігін дәлелдейді. Сонымен бірге Бөкетовтың әдебиетке, аударма ісіне, көркем ой мен мәдениет мәселелеріне белсене араласуы оның таным көкжиегінің кеңдігін, гуманистік және эстетикалық талғамының кемелдігін танытады. Зерттелген деректер Е.А.Бөкетовтың тек ғалым ғана емес, ұлттық мәдениетке жанашыр, ойы терең, парасатты тұлға болғанын айқын көрсетеді. Сондықтан оның өмірі мен ғылыми мұрасы бүгінгі жас ұрпаққа еңбекқорлықтың, ізденістің, отансүйгіштіктің жарқын үлгісі болып қала береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әшімов О.Б., Қадырәліұлы Ғ., Мұқанов Қ., Тайшыбай З., Академик Е.А.Бөкетов (естеліктер жинағы). - Петропавл, М.Козыбаев атындағы СҚМУ, 2005. - 183 б.
2. Бөкетов Қ.А., Хасен М., Біртуар: Академик Евней Бөкетов туралы естеліктер. - Алматы, «Білім» баспасы, 2012. - 300 б.
3. Бөкетов Қ.А., Қикымов Т.Ж., Ысқақова А.К., Академик Е.А.Бөкетовтың мерейтойы. - Астана «РУНА» баспасы, 2005 ж. - 296 б.
4. https://catalog.karlib.kz/irbis64r_01/Kraeved/Literaturnaya_zhizn/Musrepov_G/Odnadzhdy_i_na_vsyu_zhizn.pdf

Е.А. БӨКЕТОВ ЖӘНЕ ГУМАНИЗМ АСПЕКТІЛЕРІ

Әбдірахманова Ж.А

Ғылыми жетекшісі:аға оқытушы Орынбекова Р.Ж
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық Зерттеу университеті
abdrahmanovazasmin6@gmail.com
Қарағанды қ.

Философия Ғылымның жаңа салаларының ашылуы және ғылыми ой-сананың дамуы әсерінен өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан классикалық негіздеріне жаңа көзқараспен қарауды қажет етеді. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап философия ұғымы семантикалық өзгеріске ұшырап, ол үнемі дамып отыратын жүйелі ғылым саласына айнала бастады. Сонымен қатар философияның зерттеу нысаны ретінде тек адамның болмысы, тілдік тұлғасы, ой-өрісі және сана-сезімі ғана емес, оның элеуметтік ортасы, рухани және мәдени қарым-қатынасы да қамтылады. Яғни, философиялық ғылыми талдаудың ауқымы кеңейіп, соның нәтижесінде таным теориясы, мәдениет, дін және т.б. бағыттар бойынша жаңа арнайы пәндер қалыптаса бастады.

Академик Е.А. Бөкетов тұлға ретінде де, бітімі бөлек болмыс ретінде де тұлғатану саласының негізгі нысаны, себебі ол ерекше дүниетанымы бар этномәдениеттің өкілі әрі ұлттық-мәдени салада ерен еңбек еткен айрықша ғалым. Әсіресе оның гуманизм саласы тұрғысынан философия бағыты бойынша ерекше қызығушылық тудыруы заңдылық деп білеміз. Бөкетовтың тұлғасы тарихи, этникалық және әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқаны да бұған негізгі себеп деп пайымдаймыз. Е.А. Бөкетовтың мәтіндерін интертекст ретінде сипаттауға болады, олар бірнеше тілдің семантикалық және семиотикалық кеңістіктеріндегі мағыналарды қамтиды. Оның негізгі эпистолярлық, көркем, публицистикалық және ғылыми мәтіндері үш түрлі тілдік жүйеге - қазақ, орыс және ағылшын тілдеріне қатысты. Ғалымның дүниетанымы мен адами қасиеттер, адамгершілік турасындағы ойлары, тұжырымдары, адами боомыс туралы философиялық пікірі мен ұстанымдары оның еңбектерін гуманистік аспектілер тұрғысынан талдауға жол ашады. Бұған дейін Бөкетовты лингвистикалық тұрғыдан, тарихи тұрғыдан немесе аудармашы ретінде зерттеген еңбектер жарияланғанымен, оның философиялық пікірлерін негізгі нысан еткен толыққанды зерттеу еңбектері жоқ деуге де болады. Осы тұрғыдан мақаланың өзектілігі мен жаңашылдығы жаңа зерттеу жұмыстарына мұрындық болады деп сенеміз. Қазіргі уақытта антропоцентрилік парадигма аясында автор мен көркем шығарма кейіпкерлерінің концептуалдық кеңістіктерін зерттеуге бағытталған зерттеулер өзекті сипатқа ие екенін ескергенде, Бөкетов автор ретінде де, кейіпкер ретінде де терең ойлы, тұлғалық болмысы бөлек адам. 3. Қабдоловтың еңбектерінде прототипі кездесетін Бөкетовтың бейнесі адамгершілік пен ізгіліктің символындай десек те асырып айтқандық емес. Бұл зерттеу жұмысы Бөкетовтың философиялық пайымдарын зерттеу арқылы, оны қазақ халқының ғана емес, сонымен қатар кәмпәдениеттіліктің иесі және әлем азаматы ретінде таныту.

Е.А. Бөкетов көптеген публицистикалық мақалалар жазған, олар адамның тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда моральдық-гуманистік негіздерді насихаттайды, бірақ өсиет ретінде емес, оқырманмен диалог түрінде ұсынылады [1,75]. Адамның қызметі тек шындық, жақсылық және сұлулық нұрымен арайланса ғана, адам қызметінің гуманистік мағынасын анықтауға тырысқан кезде ғана мәдени сипатқа ие болады. Бөкетов рухани мәдениет ғылым мен техникамен айналысатын ғалымдарға ерекше тән болуы керек деп санайды, өйткені олар Жердің тіршіліксіз қалмауын қамтамасыз етуіне жауапкершілік арқалаған адамда, яғни ғалымдар табиғат алдында этикалық жауапкершілікті мойнына алуы керек деп тұжырымдайды [2,78]. Гуманизм идеялары Е.А. Бөкетовтің қызметі мен ғылыми тұжырымдамаларынан айқын көрінеді. Осы тұрғыдан алғанда, ғалымның ғылыми зерттеулері мен экологиялық таза энергия көзін іздеуі елдің және әлемнің қазіргі болашағын ескере отырып, оның жоғары мәдениеті мен қоршаған ортаға деген адамгершілік көзқарасының дәлелі болып табылады. Е.А. Бөкетов былай деп жазады: «Адам баласы үйлеріне тамақ дайындау және жылу беру үшін бастапқыда қолжетімді және оңай алынатын заттарды пайдаланды. Өткен ғасырдың ортасына дейін, адамдар біртіндеп көмір мен мұнайға, тіпті кейінірек газға ауыса бастағанға дейін бұл үрдіс адам тұрмысында басым болды. Егер адамзат тарихындағы көмірді, газды, мұнайды пайдалану сынды негізгі факторлардың орын алуы тарихи тұрғыдан кеш игерілсе, бұл табиғи баланстың бұзылуына алып келер еді деген пікір келтіреді. Себебі негізгі отын ретінде пайдаланылған орман ағаштары жойылса, күллі экожүйе әлемінде орны толмас апат орын алар еді. Бөкетов энергияның табиғаттан алынатынын айта отырып, адамдардың табиғатты игердік деп кеуде қағуын сынайды. Адами құндылықтың бірі табиғатқа құрмет көрсету, табиғатпен үндестікке өмір сүру сынды идеяны айтқысы келген ғалымның бұл тұжырымы ғасырға жуық уақыт бұрын жазылған. Алайда бұл пікірінің шындыққа айналып, бүгінгі күні тек Қазақстан үшін емес, тұтас жер планетасы мен барша әлем үшін актуалды проблемаға айналғанын көріп отырмыз. Қоршаған ортаның ластануы және табиғи тепе-теңдіктің бұзылуы қауіп туралы ойы адамзатқа айтқан ескертпе сынды [2,79-80]. Осы арқылы экологиялық мәдениетті қалыптастыру да гуманизмнің негізгі аспектісі болатынын бағамдауға болады.

Көркем шығармалардағы гуманистік мағыналарды анықтау үшін Е.А. Бөкетовтың «Досқа жазған алты хат» кітабы үлкен қызығушылық тудырады [6]. Онда интермәтіндік анықтамаларға сәйкес мағыналардың кең ауқымы және бұл құбылысты тек лингвистикалық талдаудан гөрі кеңірек гуманистік контексте қарастыруға мүмкіндік беретін ұғымдар қарастырылған. Әдеби тұрғыдан алғанда, бұл кітап Т.Т. Савченконың зерттеу нысаны болғанын атап өткен жөн: «...Е.А. Бөкетов әңгімені хаттардан бастап, оқырманды форманы іздеу, оны анықтау процесімен өзінің шығармашылық зертханасын таныстырады: «Сіз маған өмір туралы жазуды көптен бері ұсынып келесіз...» [6,15] Мен сізге өмірім туралы жазамын, бірақ бұл жазбада ешқандай жүйе немесе реттілік күтпеңіз [6,17],[4]. Кітаптың тақырыбының өзі, тақырып ретінде, интермәтіндік талдаудың нысанасы ретінде қарастырылып, тек семантикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар құрылымдық тұрғыдан да қызықты, «диалогты» білдіреді. Кітаптың тақырыбындағы мағыналарды қарастырайық. Кітаптың

жанры эпистолярлық шығарма ретінде «хат» деп белгіленген, ал атауға «дос» сөзінің қосылуы автордың оқырманмен сенімді, диалог түріндегі қарым-қатынас ұстанымын көрсетеді. Сонымен қатар, «алты» санының қолданылуы семантикалық кеңістікті нақтылайды, бірақ оны тарылтпайды. Керісінше, ол сыртқы әсердің бір түрі ретінде әрекет етеді.

Белгілі болғандай, Е.А. Бөкетовтің өмір сүру ұзақтығы, 1925 жылдан 1983 жылға дейін, Кеңес өкіметінің орнау кезеңін, соғысты, соғыстан кейінгі қиын құрылысты және Кеңес Одағында ғылым мен білімнің өркендеуін қамтыды. Студенттер үшін бұл жартылай аштық кезеңі болды, сол кезде стипендиялар мен мемлекет қамтамасыз ететін тамақ университет пен мамандықты таңдауда маңызды факторлар болды. Бұл Е.А. Бөкетовтің өмірінде де шешуші рөл атқарды, өйткені ол филология факультетіне түсуге келген кезде Тау-кен металлургия институтының тамақпен қамтамасыз ететінін біліп, сол жерге оқуға түсті. Өмір оның дұрыс бағытты таңдағанын көрсетті - техникалық ғылымдар оның табиғаты болды, әрі олар цензура немесе идеологиялық қысымға ұшырамағандықтан, еркін ойлап, шығармашылықпен жұмыс істеуге мүмкіндік туғызды. Сонымен қатар, барлық көркем әдебиет, журналистика және тұтастай алғанда гуманитарлық ғылымдар мен тақырыптар кеңестік идеологияға сәйкестігіне қатаң бақылауға алынды. Осы ұстанымдарға сүйене отырып, тіпті мақалалар мен кітаптардың атаулары да тиісті семантикалық талдаудан өтті, сондықтан журналдың алғашқы нұсқасы журнал редакторлары ұсынған «Жарқын тағдыр уақыты» деген атпен жарияланды, дегенмен жұмыс атауы «Ғылыми қызметкердің жазбалары» немесе «Досқа алты хат» болды. Әдебиеттанушы Т.Т. Савченко бұл кезең туралы былай деп жазады: «Е.А. Бөкетовтің «Досқа алты хат» әңгімесі 1970 жылдардың соңында жазылған». Бұл жылдар жазушылар да, оқырмандар да ресми түрде оқуға және зерттеуге рұқсат етілген әдебиеттен қажыған кезең болды. Көркемдік түсініктің көзі болған саланың шектен тыс шектеулілігі, шындықтың көптеген аспектілерін сыни тұрғыдан көрсетудің мүмкін еместігі деректі жазу мен естеліктерді әдеби өмірдің алдыңғы қатарына шығарды. Е.А. Бөкетов осы рухты бейнелеп, құжатқа деген қызығушылықты көрсететін туынды жасады [4,13]. Интертекстуалды тәсіл мәтіннің терең семантикасын талдау үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Е.А. Бөкетовтің әңгімесі автордың шығармашылық эволюциясының айқын көрінісі болып табылады, өйткені ол «досымен» және көбінесе өзімен диалогта өмір сүру философиясын талдап, қарапайым қорытындыға келеді: «Сіз не айтсаңыз да, адам өз табиғатын өзгерте алмайды; ол әрқашан адам болып қала береді» [6,17]. Зайырлы өмір салты, туған жеріндегі, этникалық өмірінен мүлдем басқа шындықта өмір сүру, бас кейіпкер Мәжит Нұрбаевты басқаша мінез-құлық танытып, киінуге мәжбүр етеді. Е.А. Бөкетовтің өмірбаяндық кейіпкерінің қысқаша мазмұны бұған айқын дәлел бола алады: «Сонымен, арманымда мұғалім, әрине, тарих мұғалімі болуға жасқа жеткеннен кейін, Иван Антонович сияқты алға еңкейіп, қолымды бұлғап, оқушыларыма Александр Македонский мен Спартактың таңғажайып істері туралы айтып беремін». Мен қара костюм, атлас қосоворотка және резеңке табанына басылған әдемі, күрделі өрнектері бар зауытта жасалған етік киемін. Қысқасы, мен сабаққа мұғалім сияқты киініп барамын. Бірақ менде Иван Антоновичтікіндей шаш қию жоқ; мен шашымды қырып тастағанмын, себебі мен қазақпын. Жалпы үйде, мектептен тыс уақытта мен нағыз қазақпын: жазда мен әкем тіккен биік өкшелі етікті (олар оң және сол аяққа бірдей тігілген, және оларды бірдей кимеу үшін, әр киген сайын ауыстырып отыруды ұмытпаймын) және анам тіккен шапан киемін, ал қыста түлкі терісінен жасалған қалпақ - тымақ және әкем тіккен саптама етікті киемін [6,20]. Аспирант болып жүргенде-ақ, автордың өзі прототипі болып табылатын басты кейіпкер туған жеріне оралып, әдеттегідей Жақтай ағасымен бірге шөп шауып жүр. Е.А. Бөкетовтің ағасы Ыбырайдың прототипі болған Жақтай ағайдың есімінің мағынасы терең мәнге ие. Ол «жақтау» етістігінен шыққан және «кімнің болса да қолдау көрсету, қорғау, қорғап қалу» деген мағынаны білдіреді. Автор былай деп жазады: «Мен Жақтай ағаның ауырсыну мен қорқыныш сияқты сезімдерді мойындамайтынын білдім. Ол менің батыл және қорықпайтын болып өсуімді қатты қалады [6,128]. Бұл кез келген сәтте көмекке асынуға, егер «қасқырына» қауіп төнсе, қоян-қолтық шайқасуға дайын адам еді. Ол осы тақырыпта мүлде ой қозғаған жоқ, дегенмен, көптеген ауыл ақсақалдары сияқты, сөйлегенді жақсы көретін және сөйлеуді әдемі, көркем әрі сенімді етіп білетін. Ол өмір сүру сезімі үшін қажетті және мүмкін болатын ең аз нәрсе үшін күресіп жатқанда, ешқашан ар-ұжданын, абыройы мен қадір-қасиетін құрбан етпегенін және бұл оның өмірге қанағаттануының жеткілікті өлшемі екенін жақсы білді. Ол қарапайым әрі сенімді өмір сүрді, өз өмірінің мақсатына ешқашан күмәнданбады, өйткені адамдардың көзіне тіке және еркін қарауына кедергі болатын еш нәрсе істемеген еді [6,130-131].

«Досқа алты хат» эпистолярлық шығармасы арқылы Е.А. Бөкетов адамзат алдындағы ізгілікті қасиеттердің адами болмысының алғышарты екендігін сөз етеді. Мәселен осы пікірі оның «Замандас жастар туралы» мақаласында көрінеді. Бұл шығармада Ізгіліксіз адам баласы туған емес. Тек сол ізгілікті мәпелейтін, дамытып, гүлдендіретін заман тумаған деп жазады [5,162]. Олай деп айтатыны

жоғарыда сөз болғандай Е.А.Бөкетов өмір сүрген заман маркстік - лениндік идеологияны басып жаңыштаған қазақылықтың ісі толық ашылмаған қоғам еді. Осы бір өкініштің қасіретті жағдайын біз әдейі келтіріп отырмыз. Өйткені қазіргі уақытта маркстік-лениндік ілім өркен жайған дәуір, социалистік қоғам адамның өз бойындағы барлық жақсы қасиетін арттырып, шын мәнінде адал, шарапатты, парасатты азамат болуына мүмкіндік туғызып отыр деседі осы мүмкіншілікті пайдалана білу - біздің бірден-бір міндетіміз [5,162] деп атап көрсетеді, бірақ ол мүмкіншіліктің қаншалықты жүзеге асқаны не аспағаны туралы нақты дерек келтірмейді. Сондай-ақ дәл осы мақаласында білімді және мәдениетті адам турасында да пікір қалдырады. Мәдениетті адам туралы мынадай тұжырымдама келтіреді. Біз әдетте тәрбиелі, білімді адамды «мәдениетті адам» дейміз. Шамасы, «мәдениетті адам» дегеніміз - маңайындағы адамдармен қарым-қатынасы жөнінен, білімі, адамгершілігі, еңбекқорлығы, рухани келбеті тұрғысынан жұртшылықтың талабына сай деген ұғым болар. Орыс тілінде «образованный человек», яғни «білімді адам» деген ұғым да қолданылады. «Мәдениетті адам» деген ұғым «білімді адам» деген ұғымнан кеңірек сияқты. Дегенмен, шын мәдениет білімнен басталады [5,163], өйткені адам өз білімін жетілдірмей, рухани байлығын арттыра алмайды.

Білімді адам туралы А.В.Луначарскийдің мынандай анықтамасын келтіреді: «Білімді адам... бәрін білуге ұмтылмақ. Бірақ бәрін үстірт білуге емес. Білімді адамның өз мамандығы болуы тиіс, ол өз ісін білуі қажет; сонымен қатар ол білімнің басқа салаларына да көңіл аударып, олардың да қызықты қағидаларын түсінуге тиісті» [5,163]. Бұл пікір адамның тек кәсіби машыққа емес, жалпы мәдениетке ұмтылуы маңызды екенін көрсетеді. Е.А.Бөкетов өмірде әр адамның өз орны болуы керек деп айтады. Өмірде, тіршілікте өз орнын табу үшін әрбір адамның өз мамандығы болуы тиіс, яки ол өмір оркестрінде өзіне лайық аспапқа ие болуы қажет. Қазіргі ғылыми-техникалық революция дәуірінде ғылым мен білімнің, өнер мен техниканың өзі сансыз салаларға бөлініп, тунғыық тереңдікке ұмтылған кезеңде әрбір адам тиісті мамандық алса ғана, сол мамандықта жемісті қызмет істей алса ғана, қоғамға пайда келтірмек [5,163], деген пікірі жоғарыда айтылған мақаласында келтіріліген. Е.А.Бөкетовтің еңбектеріндегі гуманистік тұжырымдамалардың тағы бір легі мынандай пайымдаулардан тұрады. Оның есептеуінше әрбір азаматтың өз мамандығы болуы қоғам үшін де, азаматтың өз басы үшін де қажет нәрсе. Бірақ кейде әрбір маман мәдениетті, білімді адам бола алмай жатады. Өйткені, А. В. Луначарскийдің айтқанын ескерсек, білімді, мәдениетті адам жалпы адам баласының мәдениет байлығына өз үлесін қосудан бөлек, тіршілік оркестрінің гармониясын түгелдей түсініп, ұғынуға тырысуы қажет [5,163], деп санайды. Яғни, тек кәсіби шеберлікке ие болу жеткіліксіз, шын мәдениетті адам болу үшін өзінің мамандығын жан-жақты түсініп, қоғам мен адамзат мәдениетінің үйлесіміне үлес қосуға ұмтылуы тиіс. Біздің қоғам шын мәнінде көп оқып, көп ізденіп, кеңінен толғап, қай жағдайда болса да кездескен адаммен қызықты пікір алысуға дайын тұратын адамдарды тәрбиелеп-өсіретін жағдай жасап отыр. Бір қуантатын нәрсе, халқымыз арасында академиктерден бастап, мал бағып жүрген шопандарға дейін, мұндай адамдар көбейуде. Мұндай адамдар өз мамандығында жемісті қызмет істеумен қатар, космосқа ұмтылады. Маяковский мен Сейфуллин поэзиясын ұғыну, қазақ музыкасына тән симфониялық бағыттардың даму жағдайларын әңгіме ете алады; мұндай адамдар не тым-тырыс үндемей, не өзі өте жетік өз мамандығының ғана мәселелерін қайталап әңгімелеп, жанындағы адамды ренжітпейді. Мұндай адам әрі сүйсіне, әрі сүйсіндіріп әңгімелеседі, жанындағы адамға рухани сабақтас, дидарлас болып кетеді. Осы себепті Шоқан Уәлихановтың дидарлас достарының ішінде халқымыздың байырғы адамдарынан бастап, бір жағынан ұлы жазушы Ф. М. Достоевский болса, екінші жағынан - ұлы химик Д. И. Менделеев болған; осы себепті асаң геолог-ғалым Қаныш Сәтбаев әрі домбырашы, әнші, әрі тарихшы, әрі әдебиетші, өнер-білімнің қай саласынан болса да сезімі жүйрік болған. Адамның мәдениеттілігінің, ой-өрісінің кеңдігін, жан дүниесінің ләззатшыл нәзіктігін бірден-бір белгісі - көркем әдебиетті қол үзбей оқи білуі [5,164-165]. Е.А.Бөкетовтің ойынша, шын мәдениетті адамның ерекшелігі - тек кәсіби білімде ғана емес, рухани байлықты түсініп, өнер мен әдебиетті ұғыну арқылы жан дүниесін байыта білуінде.

Қорытындылай келе, Е.А.Бөкетовтің философиялық және публицистикалық пайымдары адам бойындағы ізгілік, білім, мәдениет және адамгершіліктің өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Оның еңбектері қоғамға тек кәсіби мамандары ғана емес, сонымен қатар рухани бай, мәдениетті, өз өмірін және қоршаған ортаны құрметтей білетін азаматтарды тәрбиелейді. Е.А.Бөкетовтің гуманистік көзқарасы қазіргі заман талабына сай, адамзаттың рухани дамуы мен мәдениетін арттыруға өз септігін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Асанұлы Қ. Бөкетов - публицист. Оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. - 196 бет.

2. Букетова Н.И. Евней Бөкетов: жерде және көкте.-Қарағанды:ҚарГУ баспасы,2015.-316 бет,79-80 б.

3. Бөкетов Н.И. Ғалым және гуманист. Ректор. Жай ғана-Адам// Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесі:Құрылуы мен дамуының тарихы/А.М.Ғазалиев- Қарағанды: ҚР ҰҒА «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» баспасы,2022.-236 бет.

4. Савченко Т.Т. «Е.А.Бөкетовтің «Досқа алты хат» шығармасындағы автор ұстанымы және оның берілу формалары»// Академик Е.А.Бөкетовтің 80 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары.23-24 наурыз. 2-том.-Қарағанды,2005.-11 бет.

5. Е.А.Бөкетов «Атан қомында туған адам. Ғылым, өнер туралы ойлар» Алматы, «Жазушы» баспасы 1975.162-165 бет.

6. Е.А.Бөкетов «Досқа алты хат».-Алма-Ата: «Жалын»,1989.-288 б.

ЕВНЕЙ АРЫСТАНҰЛЫ БӨКЕТОВ - ӘМБЕБАП ҒАЛЫМ

Әкім Д.М.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушы Орынбекова Р. Ж.
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті
akim.dilnaz@mail.ru
Қарағанды қ.

Халық перзенті, даланың дана болмысы, ғылым мен руханиятты бір арнада тоғыстырған қайсар талант иелері болады. Олар уақыттың өзі мойындаған биік тұлға болып, ұлттың тарихи жадында өшпес із қалдырады. Солардың бірі - қазақ ғылымының іргесін бекіткен, ұлттық ой-танымның өрісін кеңейткен, сан қырлы дарын иесі Евней Арыстанұлы Бөкетов. Қарапайым ауылдан шыққан бала бір ғана саламен шектелмей, металлургия, химия, әдебиет, тіл, қоғамтану, мәдениет әлемдерін еркін меңгерген. Ғалымдық қайраты, ұстаздық еңбегі, азаматтық ұстанымы, шығармашылық өрісі оны нағыз әмбебап тұлға, ел игілігіне қызмет еткен рухани алып дәрежесіне көтерді.

Евней Арстанович Букетов 1925 жылдың 23 наурызында Ақмола губерниясының Көкшетау уезіне қарасты Мариинка болысының Бағанаты ауылында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келді. Ағасы Камзабай Букетовтың естелігі бойынша, ол Алыпқаш ауылында туған деген дерек те бар. Қазіргі таңда бұл ауылдар картада жоқ, олардың орны Солтүстік Қазақстан облысының Шал ақын ауданы аумағына кіреді. Азан шақырып қойған есімі «Ибн-Ғабиден» болғанымен, үй ішінде оны «Евней-Ғабиден» деп атаған, ал кейін ресми құжаттарда «Евней» түрінде бекіді. Тегі жағынан Букетов Арғын тайпасынан, Атығай руынан, Бәйімбет тармағынан шыққан. [1]

1930 жылдан кейінгі ашаршылық пен әлеуметтік күйзелістерге байланысты отбасы бірнеше рет қоныс аударды. Бөкетовтер Бағанатыдан Ақан-Барақ, Мало-Кизак, Мокроусов аудандарындағы ауылдарға көшіп жүрді. Евней бастауыш білімін осында алып, алғашқы ұстазы - Августа Иустиновна Тарасова болды. 1933-1934 жылдарғы күрделі кезеңде оның отбасы Петропавл маңына шоғырланды. Евней 3-сыныптан бастап Петропавлда оқуын жалғастырды. Ал ата-анасы сол жылдары Құрған облысы аумағындағы Макушинский шаруашылығында еңбек етті. 1938 жылдың соңында отбасы туған өлкесіне оралып, Евней Марьевка ауылындағы орта мектепте оқыды. Дегенмен, 1941 жылы 9-сыныпты аяқтағаннан кейін әкесінің науқастануына байланысты оқуын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды.

Әкесі - Арыстан Тұмырзаұлы аңға шыққанда суық тиіп, екіжақты пневмониядан қайтыс болды. Анасы - Ұмсын (Бальтай) Байжанқызы төрт жыл ішінде он төрт бала дүниеге әкелген. Евней отбасының тоғызыншы баласы болды. Евней екі мәрте некеде болды. Бірінші әйел - Зубайра Дүйсеновна Ундасынова, екінші әйелі - Алма Бекжановна Биттеева (Душимова). Алма Биттеевадан туған екі қызы - Ақсулу Евнеевна Букетова, техника ғылымдарының докторы, және Даляпраз Евнеевна Букетова, бизнес әкімшілігі бойынша доктор. Зубайра Ундасыновадан қабыл алынған екі ұлы бар - Мажит Евнеевич Букетов және Рашид Евнеевич Букетов.

Жасөспірім Евней еңбекке ерте араласып, Ольгинский толық емес орта мектебінде орыс тілі мен әдебиетінен сабақ береді. Кейінірек Соколовка, Двойники, Жалтыр, Городецкое ауылдарындағы мектептерде география, тарих, математика, физика пәндерін оқытып, директор орынбасары қызметін де атқарды. 1943 жылы майданға шақырылса да, денсаулығына байланысты әскери қызметке жарамсыз деп табылды. 1944 жылы Двойники ауылындағы «Қызыл планета» колхозының комсомол ұйымының хатшысы болып сайланды. 1945 жылы сырттай екстерн ретінде Марьевка мектебінде аттестат тапсырып, білімін жалғастыруға мүмкіндік алды.

1945 жылы Евней Бөкетов Қазақ тау-металлургия институтына түсіп, 1950 жылы үздік тәмамдады. Сол жылы аспирантураға қалдырылып, ғылым жолына түсті. 1954 жылы молибденнің